

А 2006
6539 к

Жомарт ӘБДІХАЛЫҚ

101 ТОЛҒАМ,
1001 ТҮЙІН






Жомарт ӘБДІХАЛЫҚ

101 ТОЛҒАМ, 1001 ТҮЙІН

(Философиялық байып)



“Елорда”
Астана – 2005

821.512.122-83

ББК 84 Қаз 7-4

Ә 14

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Әбдіхалық Ж.

Ә 14 101 толғам, 1001 түйін. (*Философиялық байын*)

– Астана: Елорда, 2005. – 120 б.

ISBN 9965-06-231-5

Белгілі қаламгер, қазақ көсемсөзінің белді қайраткерлерінің бірі, ұлттық философия ілімінің көрнекті өкілі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері, “Мәдениет қайраткері”, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Жомарт Сафиұлы Әбдіхалықтың “101 толғам, 1001 түйін” атты философиялық проза жанрында жазылған бұл еңбегі беймезгіл өмірден озған ойшыл азаматтың артында қалған мұрасы. Автор адам, қоғам, заман сырларына талғаммен зер салып, өмір құбылыстарына сындарлы көзқарасын білдіреді.

Кітаптың айрықша бір ерекшелігі: қазіргі қоғамдық-әлеуметтік ахуал, мәдени-рухани үрдіс, адами болмыс сыры бүкіл адамзаттық дамудың аясында және тәуелсіз қазақ елінің бүгінгі, болашақтағы өркениет, демократия, жаһандану жағдайына байланысты ой тезіне салынып, орімделуінде.

Ә $\frac{4702250000-344}{450(05)-05}$

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 9965-06-231-5

© Әбдіхалық Ж., 2005
© “Елорда”, 2005

101 ТОЛҒАМ, 1001 ТҮЙІН

(Философиялық байын)

“Нужно думать, что все науки настолько связано между собою, что легче изучить их все сразу, нежели какую-либо одну из них в отдельности от всех прочих”.

Декарт

“...истинной формой в которой существует истина может быть лишь научная система ее”.

Гегель

“Не лучше было бы людям, если бы все их желания исполнялись”.

Гераклит

Мен білген-түйгенімді гана айтайын, ал, Сен, өз тағдырыңды өзің ойлап, болжауға дағдылан.

(Балам Абзалға айтқан уәж)

Автордан

БІРІНШІ ТАРАУ

(Кіріспе)

Дүние-Тіршіліктің қалпы мен парқын біздің әрқайсымыз ұдайы еркін кешіп, терең байыптау үшін мен мынадай құрылым-жүйеге мән беруді ұсынамын.

О л а р :

I. Болмыс – Ғалам – Уақыт.

II. Тіршілік – Заман – Қоғам.

III. Адам – Ақиқат – Таным.

IV. Тілек – Мұрат – Үміт.

V. Талап – Әрекет – Нәтиже.

VI. Шындық – Ғұмыр – Тағдыр.

VII. Арман – Жалған – Өмір.

Әрқайсысы бір-бірімен ажырағысыз тоғысып, өрімдесіп ұштасқан осы үш арқау – жеті желіден тұратын 21 түйін ұғым-категория бойынша Дүние-Тіршіліктің бітімі мен қозғалысын бір аңдап, әркім ой-санасы, ақыл шамасы жеткенше берік көзқарас қалыптастыруға пейіл бұрса екен деймін.

...Қалай дегенмен, Дүниеде бәрі өзді-өзінен болып, өз ағысымен өтіп жатқандай. Бірақ осы жайға Адамның ара-

ласуына – демек, сол әлемді қабылдап түсіну-түсіндіруінен бастап оның алып іс-қимыл әрекеттеріне дейін мән беріп қарай бастасаң, – бәрін басқаша тұрғыдан байыптауға мәжбүрсің.

Адам өзі өз болғалы Дүние тылсымның да, өз болмысының да дәйегіне жетіп, Таңдауын дөп баса алмай келеді. Осылайша қаншама ұрпақ алмасты.

Мен ондай дәйек енді де дәл және тез арада біржола табылады деп ойламаймын. Дегенмен, оны іздеуден еш жалықпаймыз.

Ешқайсымыз да одан жалығып-жабықпауымыз керек!
Мәселе осында.

I

1. БОЛМЫС – бастапқы бар негіз. Ал оның бастауы – кеңістік-уақыт аясындағы материя қозғалысы.

Ол бізге өзгермелі және шексіздік, тылсымдық сипатында көрініс береді.

Оның мәніне жетіп, мағынасын ұғуға талпыныс Адам табиғатының ең ұлы қасиетіне айналған. Бірақ сол ұлы қасиеттің ауқымы мен нәтижесі әркім үшін әрқалай...

Болмыс – алып Жаратылыс, ашық мәселе. Оны біле беру, ұға беру ғана проблема.

Әзірге оны “біреу жаратыпты-мыс” немесе ол “өз-өзінен пайда болыпты-мыс”... деген теологиялық, ғылыми болжамдар жете дәлелденбеген. Ал көз жетіп тұрған дәлелдеулерді екінші жақ күні бүгінге дейін мистикалық желеулер тауып, мойындамай әлек. Мұны “күнәға” да, кінәға да айналдыру артық.

Дегенмен, мына бір жай анық: Ғаламдық болмысты танып-білудің ғылыми парадигмасы, яғни ХХІ ғасырдың 20-40 жылдарына дейінгі жинақталған деректер мен мәлім болған заңдылықтар Болмыс әлемінің түзілісі, қалыптасу, даму бағдары өз-өздігінен, демек, материялық құрылымдардың өзара байланыс, қозғалыс, өзгеріс ықпалдастығынан туындап отырғанына көбірек көз жеткізеді...

Сөйте тұра, бәрібір мәселе даулы. Оны мынадай екі пікір-
райықтан аңғаруға болады.

Әйгілі физик Макс Борн былай дейді: “Атеистам, кото-
рымға не нравятся “начала”, потому что его можно истолко-
вать как сотворение, следует сказать, что начало Вселен-
ной в том виде, как оно нам известно, может быть концом
другой формы развития материи, хотя практически было
бы совершенно невозможно узнать что-нибудь относительно
этого периода, поскольку все следы в хаосе разрушения
“инструментальной” (М. Борн. Эйнштейновская теория относи-
тельности. – М.: Мир, 1972).

Осыған орайлас пікірді бұдан жеті-сегіз ғасыр бұрын
шығару уағызшыларының бірі, католицизмді жанындай
жақтаушы Фома Аквинский (1225-1274) де айтыпты. Мы-
наны қараңыз: “В начало Мира можно не верить, но его
можно ни доказать, ни осознать умом” (Р.К. Баланди.
Чудо или научная загадка? Сер. “Знак вопроса” № 1. –
М.: Издание, 1989).

Болмыстың басталу құпиясы біртіндеп аян бола бермек
дегену қажет. Бір өкініштісі, адам баласы оның бүгінгі
деңгейі мөлiм сырын түсініп, онымен санасудан едәуір кейін
ақтал отыр...

ҒАЛАМ – Болмыс аясындағы және оны құрап тұрған
денелер. Олар бір-бірімен іштей де, сырттай да өте сабақтас.

Болмыс әлемі арқылы ғана ғаламдық денелер мен құбы-
лыстар қалыптасқан. Мұның сыры бізге көбірек мөлiм.
Бүгінгі ғылым Болмыстың бастауларынан гөрі ғаламның
өзгеше-қозғалыстарын үй ішіндегідей түсіндіріп беруге шақ-
қалған. Біз тіпті Ғалам сырын дәуірлерге бөліп жіктеп-са-
ластайтын таным деңгейіне дейін көтерілдік. Бұл әлі де
жол ұтаса бермек.

УАҚЫТ дегенді - Болмыс пен Ғалам, яғни осы екеуі
арасындағы байыпталатын Кеңістік ұғымы болмаса, - оны ұғын-
у қиынырақ және мүмкін емес. Оның алды да, арты да -
шексіздік.

Уақыттың нақтылығы – Болмыс, үздіксіздігі тек Кеңістік
арасында және ондағы денелердің қозғалысына байланысты

ғана мәлім болады. Екінші сөзбен айтқанда, біз Уақыт молшерін шартты түрде белгілі бір нәрсеге, нақты құбылыстарға қатысты жағдай арқылы ғана анықтай аламыз: Күнтізбелер, жыл санаулар, ғасыр басы, мыңжылдықтар – бәрі-бәрі шартты деректер. Әлденемен қатысты өлшемдер, салыстырмалы болжамдар.

II

4. ТІРШІЛІК – жанды әлем. Әзірге ол Жер планетасына тән құбылыс. Уақыт жағынан оның өлшемі едәуір айқын. Қазіргі деректер бойынша Тіршіліктің мазмұн-сипатын ұғуға зор мүмкіндіктер бар. Оларды еңсеріп білу – әрі қажет, әрі міндет.

Бір ерекшелігі, бұл – алғашқы бастаулардан мүлде басқа әлем, басқаша түзілім.

Тіршілік Болмысқа бірнеше тұрғыдан тікелей тәуелді, сөйте тұра ол өте дербес сала бергі Болмыс. Бастапқы негізден оның қалпы да, қалыптасуы да – демек, өзгеріс, өмір сүру стихиясы да бөлек. Өйткені ол Заманға, Дәуірге келе-келе Қоғамға тұтастай тәуелді... Ал Адам әлемі осы екінші желі, біздіңше, бергі Болмыстан басталып, бүкіл қалған арқаулардың бірде-бірінен тінін үзбейді. Өйткені:

Тіршіліктің өзіндік ерекшеліктерін ескермей Заманға да Қоғамға да сипаттама беру мүмкін емес.

Тіршілік үзілмейді, бірақ үзілгеннен бетер дағдарысқа жетіп тоқырайды.

Тіршілік жаңғырады, жасарады, бірақ солады. “өледі”

Тіршіліктің ізі өшпейді, бірақ болған бітім ешқашан осы қалшымен қайталанбайды. Сондықтан “өлдің – өштін” деген қатал ұғым қалыптасқан. Шамасы, тіршіліктің құрбан ғана калуын адамдар онша місе тұтпаған...

5. ЗАМАННЫҢ ауқымы тіршілікті және кеңдіріп. Кеңістік, Уақыт жағынан қаусырып отырады.

Тіршілік несі тегіс дерлік Заманға бағынышты тәуелді. Әр түрлі хал-ахуал тұтастай алып ауқымдағы заман бірлікпен қалыптасады. Оның алдында жан-жануарлардың

дәрменсіздігі өз алдына, “жаратылыстың асылы” – адамдардың өзі көп жағдайда әлсіз, қорғансыз...

6. ҚОҒАМ болып қауымдасу – Тіршіліктің аса есті иелері пайда болған кезеңге тән құбылыс. Әсіресе, адамдардың топтасып өмір сүру кезеңі бірлесіп, қоғамдасып, әрекет етудің артықшылығын әйгілейді. Осы қалып, ішкі қайшылықтарына қарамастан, бүгінге дейін сақталуда.

Қоғам – неғұрлым оңтайлы өмір сүрудің нышаны ғана емес, нысанына айналды. Ол белгілі тәртіппен, тыйыммен “реттелетін” болды...

Сойте тұра қазіргі қоғам бірқатар байырғы сипаттарынан айырылған. Жиі-жиі өзгеретін тәртіп пен тыйымға тап болған адамзат қауымы Тәрбие тетігін таба алмай, тапқанын орнықтыра алмай әлек.

III

7. АДАМ – Жаратылыс, жалпы Болмыс әлемінде жан иесі ретінде, ақыл-әрекеті тұрғысынан алсақ, теңдесі жоқ құбылыс (феномен). Соған қарап оған осы күнге дейін “Дүние-Жаратылыстың кіндігі...”, “жалпы Тіршілік дамуының үздік нәтижесі...”, “Әлемдік, қоғамдық құрылымдардың реттеушісі...” деген сияқты әлденеше анықтама беріліп келеді.

Олардың қай-қайсысы да “дәл” емес және “Адамға” ондай нақты анықтауыш аса қажет деп есептемеймін. Өйткені оны “Жер – Әлемнің кіндігі” санағаннан заты Адам табиғатына бөлендей жаңа мән қосылмайды әрі оның тылсым болмысының сыры жете ашылмайды. Жетесі де жетілмейді...

Ол – есті жаратылыстардың ішінде өзін “ессіз” жаратылыстан бетер тағдыр төлкегіне ұшыратқан жан иесі. Мәселен, жан-жануарлар тіршілігін зерттеушілердің деректерін негізге алсақ, бір де бір хайуан, жануар, жәндік, тіпті “маймыл текті” деп жүрген гоминидтердің өзі нақ адамдар сияқты бір-біріне аса үлкен ауқымда “азамат соғысын”, “дүниежүзілік” соғыстар ашып, қарулы “революциялар” жасап, “қарсыластық идеологиясын” жүргізіп, бір-бірлерін,

әсіресе, өз тектестері мен тұқымдастарын, қайткенде де “жеңіп шығу”, “түп-түқиянымен құрту” амалы мен шараларын жүргізбеген екен.

Міне, бұл – қалай десек те, тек адамдардың стихиясы, солардың өмір сүруі үшін құрған, құрылған қоғамның, ондағы саяси, әлеуметтік, идеологиялық күштердің қарекеті...

Топтасып қорғану, топ жасақтап “өзі тектестермен” жауласу – адамдар үшін кейінгі “өркениетті” делінетін замандарда да бірінші орынға қойылған. Неліктен бұлай?

Партиялар, секталар, блоктар... тіпті компания, корпорациялар түптің-түбінде нені көздейді? Тек бас пайдаларын ғана көздейді. Жеке, топтық дара мүдделерін қорғайды.

Адам атаулы бірлікке, жақындыққа, бауырластыққа әзір, бірақ сөйте тұра, оның астарында жеке қара бастарының мүддесі еш жасырын қалмақ емес. Біз кез келген сәтте сол мүдделер қайшылығының (қақтығысының) куәсіміз, көп жағдайда құрбанымыз...

Жеке адамдардың мұқтаж-мүдделері – құқықтық “еркіндік” беру, “жалған” теңдестіру, саяси, шартты мәмілегершілік жолымен емес, парасатты әділеттілік тұрғыдан тежеу, тәрбиелеу, міндеттеу шаралары мұқият, өте бір ізгілік, жауапкершілік тұрғысынан ескерілмейінше, ешқандай да ортақ қауымдастық жарасымды сипатта бола алмайды. Қоғам, мемлекет күні бүгінге дейін мұндай мұратқа жете алмай келеді. Сондықтан, “бірынғай жарастық орнайтын” заманды аңсаумен, армандаумен жүретініміз рас. Соның өзі рухымызға демесін, Үмітімізге шырақ. Бірақ ол нақты тіршілікпен еш уақытта дәлме-дәл сәйкеспейді. Бұл ескіргеннен есте ұстайтын аса маңызды бір жағдай болса, ұдайы ескеруіміз өте қажет және екінші бір жай бар. Ол мынау:

Адамның таным-түсінігі қандай деңгейде болса, ол соған сәйкес ұғым-нанымдарын ғана ақиқат деп санайды. Оның бүкіл тіршілігі өмір сүруінің қалпы мен салты сол арқылы түрленеді, “түгенделеді”...

“Адам белгілі тіршілік аясының, жағдайдың “құлы” және олардың өзін өзгерте алатын құдіретті “әмірші” деген біржақты тұжырымдар қалыптасқан. Мәселе шын мәнінде солай ма?

Осы екі ұғымды да шектеп, шеңберінен “шығармай” ұстап, тым шығындап кетпегеніміз жөн.

8. АҚИҚАТ деп сенгенін тіршілігіне таяныш етпейтін бірде-бір жан баласы жоқ. Нендей болмыс, кез келген құбылыс, затты-жанды қозғалыс, дүние-тылсымының қандай да бір сыры – осының бәрі Ақиқат түрінде аян болмақшы.

Адам тіршілігінде “Ақиқат” дегеніміз өзгермелі және жалған сипатта көрініс береді. Осы жағдай Адам халінің өзегін құрайды. Оның бүкіл сана-сезім, ой әбігерін, сонымен тікелей байланысты әрекет-қимылын қалыптастырады. Сол арқылы Тіршілікті екшеп, Тағдырымызды өлшеп жатады.

Бір сөзбен айтқанда, Адам өмірінің мәні мен мазмұнын оның қай кезеңде қандай “Ақиқатпен” ғұмыр кешкеніне қарап пайымдауға болады.

Әуелі сезім мен ойда, содан соң іс-қимыл арқылы көрініс беретін Ақиқатты біз әрдайым ұлы Болмыспен бірлікте және ажырата қарауға міндеттіміз. Негізі субъектінің қабылдау түйсіну, түсіну, Таным қабілеті арқылы көрініс беретін Шындық әрқайсымыз үшін әр алуан. Сөйте тұра оны көп адамның бір тұрғыдан “Шын Ақиқат осы!” деп тануына еш кедергі жоқ.

9. ТАНЫМ мен Ақиқат – бірінсіз бірі болмайтын құбылыстар.

Неге біз көбіне бір нәрсені “Ақиқат” деп қабылдап, оның қалай, қандай жолмен дәл солай “танылып” тұрғандығына жете мән бермейміз? Бұл – меніңше, адам тіршілігінің ең үлкен сұрағы. Оған жауап іздеу, дәлел табу арқылы қателік, қателесу азаяды. Егер әрбір әрекетіміздің алды мен артында осы сұрақтың жауабы тұрса, ісіміздің нәтижесі тіпті тегеурінді болар еді.

Адамға “көзі жетіп, көңілі иланып тұрған” Ақиқат қана мәнді. Ал шындығына келгенде, оның мәнді-мәнсіздігі және басқа мазмұндық сипаттары сәлден кейін оны толығырақ – сан тарапты байланыста, өзгерісте екендігін аңғарғаннан кейін барып анықтала бастайды. Мұны дәйектейтін тек Таным ғана. Танымды өмір бойы нықтай берудің, кеңейте түсудің ең қажетті құрал-қуат болатыны сондықтан.

“Ақиқат” дегеніміздің ұдайы салыстырмалы, тіпті “жалғандық” сипатта болатыны Танымның ерекшелігіне тікелей байланысты. Ал ол ерекшеліктің негізі – тәжірибе, білім, мінез, дағды... Бұл арада Мінезді бөліп айтпасқа болмайды, ол – бүкіл Психология.

Таным теориясы (гносеология) бұл күнде философияның дербес саласын құрайды. Оның ғылыми құрылымы жүйелене түсуде.

... Бүгінде жаһандық ақпарат жүйесінің жедел дамуы әрбір жеке адамның (индивидтің) қабылдау, ой қорыту, дұрыс шешімдер қабылдау мүмкіндігін күрделендіріп жіберді.

Жалпы таным жүйесінде тікелей қабылдаудан гөрі информациялық, яғни екінші деңгейдегі ықпал үстем болып барады...

IV

10. ТІЛЕК – адамның биофизиологиялық және рухани қалауы. Осы екеуінің тоғысып белгілі бір тілекке ұласуы барлық әрекеттің бастауы іспетті.

“Алдымен Тілегінді дұрыста” дейтін сөз тегін айтылмаған. Тілек “дұрысталып”, Шындықпен шендескенде ғана белгілі бір мөлшерде жүзеге асуы мүмкін. Лайықсыз, ұшқары тілектер ішкі-сыртқы қайшылықтарды ушықтырып, өршітеді. Бұдан әр түрлі келеңсіз жағдайлар туындайды.

Ал “дұрыс” Тілек дегеніміз не? Ол және қай тұрғыда, кімдер үшін?..

Тілектің аясы, ауқымы, мазмұны біршама дәл анықталуына неғұрлым дұрыс Таным арқылы көз жеткізуге немесе алдын ала ол жөнінде аз-кем болжамдар, байыптаулар жасауға болады. Содан кейін барып белгілі бір үлкеңді-кішілі мақсаттар елес бере бастайды.

Бұған дейінгі “дұрыс” Тілек адамның әу бастағы табиғи және модени-әлеуметтік дамуының ерекшелігінен, қалыптасып үлгерген дәстүр-салтынан ерікті-еріксіз түрде туындайды.

Олар “дұрыс” бола тұра жаңа жағдайдағы Мақсат-мүдделер арқылы қайшылықты сипатын танытады. Бұл арада да Танымның атқаратын қызметі өте зор.

Тілек – жеке әр адамның қалауы, әр түрлі құрылым түзген топтардың, біртұтас ұлт пен ұлыстардың тілегі болып жіктелгенімен, негізгі айқындаушы доминантта кез келген адамның тіршілік ету, өмір сүру және қалай “өмір сүру” мүддесіне келіп тіреледі.

Осыдан туындайтын мақсат-мұраттар Тілектің дұрыс-бұрыстығымен тікелей сабақтасады. Түрлі қарама-қайшылықтар сол дұрыс-бұрыстар арқылы көрініс береді.

Өмір сүрудің өн бойы, әр сәті адамның тек үлкенді-кішілі, оң-теріс, жөнді-жөнсіз, мәнді-мәнсіз тілек-қалауынан ғана тұрады. Оған құр босқа уақыт жіберіп дәлел-мысал келтіруге бармай отырғанымыз сондықтан. Тек өзіңізді абайлап, төңірегіңізге қараңыз: мұның дәлелі тұнып тұр...

“Құлқың соқпайтын, көңілің қаламаған” жағдайлар да болады ғой?” деген сұрақ тууы мүмкін. Ол анық, бірақ соның өзінде не тілеп отырғаныңды және оны қандай жағдайда қаншалықты мөлшерде тілеп отырғаныңды әсте естен шығарма...

Тілек талғаммен де ұштас, нысаппен де байланысты. Адам үнемі осы шекарада шатысады.

Мөлшерсіз талғам, өлшеусіз тілек – өмірдің құты емес, қиянатына, тіпті қасіретіне алып келеді.

Тілек тіршілік талабынан, қажеттіліктен туындайды, нақты бірдеңелерді көксеуден бастау алады. Сөйте тұра ол кез келген өмір ақиқатының шеңберінен шығып отырады. Оның жағымды да, жағымсыз да жақтары бар...

11. МҰРАТ туралы Тілектен кейін айтып отырғанымыздың дәлелі мынау: ең бірінші кезекте орындалуға тиіс “қарапайым” деп аталатын тілектерді үлкен, ауқымды мұраттармен орайластырмау “салты” қалыптасқан.

Мұрат – биік ұғым, күнкөріс қамынан жоғары өлшем. Ол қанша жеке бастың тұрғысынан айтылғанымен, азаматтық еңселілікті көздейді, елдік өрістерге меңзейді, адамгершілік ауқымды істерді көксейді.

Мұраттың мұндай өлшемдерден “сырт кетуі” әрбір адамның бүкіл өмір-тіршілігіне сын. Айтулы жетістік – асқақ мұраттардың ғана жемісі.

Өкінішке қарай, көптеген қандастарымыз, қайсыбір отандастарымыз, шынтуайтқа келгенде, ізгілікті, асыл, асқақ сезім, шарболаттай берік сеніммен өрілген мұраттардан мақұрым.

Оның себептеріне өздеріңіз ой жүгіртіп көріңіздер, неліктен бұлай?

Келе-келе есейген шақта қалыптасқан мұратың ешқандай “құнға тұрмайтын, сын көтермейтін жеңіл-желпі “бірдеңелер...” болса, онда бүкіл өміріңнің мәні құрдымға кетті дей бер. Сондықтан әу бастан-ақ адам бойына биік Мұрат ұялауына күш салу қажет.

Мұрат бір сәтте қалыптаса қалмайтынын және оған сыртқы орта, тіршілік аясындағы өмір-салт, рухани дәстүрлердің үлкен әсері болатынын баса айтқымыз келеді.

Мұрат (идеал) – биік мақсаттардың қалыптасуына тікелей ықпал ететін ауқымды идеялық феномен... Әрбір шағын, біртіндеп қол жеткізілетін мақсаттарды ізгілікті, ұлы мұраттардың баспалдақтары деп те қарастыруға болады. Дегенмен, мұның өзі аса күрделі мәселе. Өйткені әрбір мақсаттың өзінше дербес, сыңаржақ сипат алып кетуі өте ықтимал.

Мысалы, коммунистік қоғам орнату мұратын алып көріңіз. “Жаппай молшылық”, “жалпы теңгермешілік”, “бірегей ортақшылық”... қандай кезең-кезеңге бөліп жүзеге асырсаң да мүмкін болмай шықты.

Бұл – алып ауқымдағы қоғамдық-әлеуметтік Мұраттың тағдыры, ал енді жеке адамдардың мұраттарын алып көріңіз.

Адамгершілігі зор Адам (Азамат) болу, соны қамтамасыз етіп қалыптастыратын қоғам құру қандай жағдайда да әлеуметтік, мәдени, рухани, тәрбие тетіктерін ізгілікке (гуманизмге) қызмет еткізу – міне, Мұраттың зоры осы. Адамзатының күнбе-күнгі және мәңгілік Мұраты деп тек осы талаптарды ғана айта аламын.

12. ҮМІТ – адамның барша жағдайының алдында болатын хал. Әлі орындалмаған, жүзеге асуы ықтимал ісің тек үміттену арқылы елес береді. Қандай сенімнің өзі – үмітсіз болсаң, түк емес...

Көне грек жұртынан жер жүзіне аты тараған жеті данышпанның бірі және солардың ішіндегі біріншісі Фалес бұл жөнінде мынадай ұлағат қалдырған.

“Барша адам баласына ең ортақ нәрсе не?” – деп сұрағанда, ол:

– Үміт, – деп жауап беріпті, – өйткені қандай адамда ештеңе қалмаған күннің өзінде оның бірдеңеден үміті бар.

Кемеңгердің сөзінде еш күмән жоқ: ол барша адам баласына ортақ таным психологиясын, сенім мен әрекет кезендерін айғақтап тұр.

Адам бір нәрседен үмітті болуы үшін оған бірқатар тиянақ керек. Және оның басым бөлігі ой жүзінде Таным, Тілек, Мұрат арқылы ғана аян болып отырады.

Мұндай тиянақ, әрине, ешқашан “жұтамайды”. Сондықтан Үміті зор адамның Сенімі нық. Сенім бар жерден жемісті, жеңісті Нәтиженің де ауылы алыс емес.

Сөйтіп, қолында “ештеңе қалмаған күннің өзінде” үміт арқылы үлкен істерге қол созуға, тіпті тәп-тәуір жетістіктерге де жетуге болады.

Зор Үміттің тиянақ-негізін әр адам өзі жасақтауға тиіс. Әлдебір күмән да, қиыншылық та осында.

Ондай қасиет неғұрлым ертерек қалыптасса, солғұрлым оның көкжиегі кең, тамыры терең, тындырары да қомақты.

Көп нәрседен үміті үзілген адамдарды көру – сондай ауыр хал. Ондай жағдайға ұрынған қоғам да, мемлекет те әлсіз...

V

13. ТАЛАП болмай ештеңе де оңбайды. Бір мақсатқа шын бет түзеп, ықыласың “айнымастай” ауған кезде, нағыз талаптанудың да не екенін сезе бастайсың. Содан кейін алғашқы нәтижелер сенімді арттырып, күш-жігеріңді (тіпті қуанышыңды) еселейді. Тұлпар мінгендей “... тас қияға өрлейсің” (Абай).

Талаптану – өзіңе жауапкершілік жүктеу. Тұлға болып есеюдің әрекеті. Кісіліктің бастапқы жолы.

Бара-бара мақсатты істеріңнің нәтижесіне тек талаптану, үздіксіз талпыныс арқылы ғана жетесің.

Талап болмаса, әрекет – әлсіз, нәтиже – мәнсіз.

Тек миллион-миллион жандардың жігерлі талаптануы арқылы ғана дүние дидары түрленіп, жаңғырып тұр.

14. ӘРЕКЕТ атаулының бәрі әр түрлі сипатта орындаушы, жүзеге асырушы қызмет атқарады. Іштей әрекет – сезім, ой жүзінде болса, сырттай атқарылатын қимыл-қозғалыстар затты, нақты нышандар түрінде көрініс береді. Бұл екі жағдайдың ұштасуына мұның алдындағы факторлар әсер етеді.

Жалпы адам өмірі, қоғам тіршілігі тек осындай ұштас әрекеттен тұрады десе болғандай. Бірақ оның бәрі қонымды, мақсатты, нәтижелі әрекеттер болып табыла бермейді.

Бұдан әрекеттердің түрлі мәні мен мазмұнын, қарама-қайшылық сипаттарын тануға болады.

Әрекетінді саралап, жіктей алатын қабілетке жету – едәуір ұзақ жол, ауыр міндет. Сөйтсе де, ондай қасиет адамға өте қажет.

Еңбек, еңбектену және оның нәтижесі әрдайым жақсылыққа бастайтыны туралы көп айтылып, мол деректер жинақталған. Терең-терең зерттеулер, талдаулар, оның табиғаты, сипаты жөніндегі ой-тұжырымдар бұрынғы-соңғы адамзат тіршілігінің зор қазынасы іспетті. Бүкіл тәрбие, тәжірибе, педагогика ғылымы сол ұлан-асыр байлықтан нәр алуға, оны бүгінгі, келер ұрпақ кемел пайдалануға міндетті...

Ой-сезім әрекеті мен іс-қимыл әрекетінің тоғысуы, бірегейлігі арқылы адамның еңбек үстіндегі ерік-қуаты аян болады. Біз өмірде әрекетшіл, қолынан “іс келетін” жанды ерекше әспеттейміз. Неліктен?

Мұның жауабы тұнып тұр, сондықтан оны лезде-ақ табуға болады. Дегенмен...

Осынша көп мысалды қалайша саралаған жөн?

Кез келген қандай да бір әрекет белгілі нәтиже-салдармен аяқталуға тиіс. Міне, соның мәні мен мазмұны – бірінші өлшем. Соның өзін объективті тұрғыдан байыптауға қыруар мүмкіндік, қабілет қажет. Жағымды, жағымсыз мән-мазмұн адамдардың талғам-тілектеріне қарай, көздеген мақсат-мүдделеріне орай анықталатындықтан, бұл ретте ешқашан бірегейлік болуы мүмкін емес. Сондықтан әлгі “бірінші өлшем” ұдайы өлшеусіз қайшылыққа тап болып отырады және оны “асу бермес өткел” деп қараудың да еш жөні жоқ.

Қай замандағы Ерлік те, Еңбек те, өнер де, сұлулық та қайшылықты мәнімен аян.

Бір дәуірдің ісі, “түсі”, барша тіршілік-әрекеттері келесі даму кезеңіне сай келмейді.

Еңбектің, іс-қимылдың зая, қайғылы-қасіретті болатын кездері де жеткілікті. Соған қарамастан жеміссіз, нәтижесіз еңбек болмайды. Ал оның бағасы, бағалануы, қандай іске жарап, қандай орынға жүруі басқа-басқа. Барлық гәп осында.

Нарықтық қатынас жағдайындағы еңбектің сипаты мен көлемін, құны мен қарымтасын алыңыз, – ал кешегі социалистік теңгермешілікпен, даралаушылықпен сәйкес келе ме? Әсте.

Немесе көшпелі экстенсивті өндіріс, күнкөріс тәсілі мен алып өндірісті өнеркәсіпті заманның тұсындағы еңбек нәтижесін және оның құндалуын алып қараңыз?..

Айырмасы өте алшақ.

Бұлардың ешқайсысы тікелей мән-мазмұны жағынан еш сәйкес келмейді және әр кезең, әрбір қоғамдық құрылымдағы іс-әрекеттің бір-біріне сәйкес келуі қажет те, мүмкін

де емес. Бұдан жеке адамдардың, тұтастай ұлттың тағдыры бастау алады.

Өткенді “аңсау” мен болашақты “болжаудағы” қияли утопиялар – қазіргіден қанағат таппаудың анық көрінісі.

Мұндай идеяға бой алдырудың екі жағы бар: біріншіден, адамның еріктілігі әрқашан шектеулі, ал “өткенің” де, “қазіргі” де – тек сол шектеулі мүмкіндіктің ғана нәтижесі; олай болатыны рас десек, онда әрекеттің мүмкіндікке сәйкес келуін жаза баспай қарастырып, ұдайы реттеліп отыруымыз қажет.

Екіншіден, ілгеріні (болашақты) адам өзінің іс-әрекетіне, үмітіне тиянақ ету арқылы ғана ой-жүзінде шектеулі мүмкіндіктің шеңберінен шыға алады. Және мұның бәрі әуелі ой, идея жүзінде ғана болады. Міне, бұл – жігеріңе жігер, қайратына қуат қосатын жол.

Демек, ой-сезім, әрекет бірлігіне жету жолымен ғана белгілі бір оң нәтижелерді баянды етуге болады. Дені дұрыс адам, тек сондай мақсатқа талаптанады, сол үшін күреседі...

Шырпы сындыру да әрекет, Хеопс пирамидасын тұрғызып (тұрғыздырып), Эйфель мұнарасын салдыру, ғарышқа зымырандар ұшырып, Вьетнамға, Ирак пен Ауғанстанға соғыс ашу да әрекет... Мұның бәрінен қандай мән іздеп табуға болады? Оны қалай мансұқтап немесе құндауыңызға қарай сіздің де жөн-жосығыңыз айқындалады. Бар гөп осында...

15. НӘТИЖЕ – адам әрекетінің белгілі бір қорытынды айғағы. Оның мәні мен сипаты арқылы, толық көлемде болмаса да, Сіздің өз болмысыңыз анықталады.

Берекесіздің ісі – есі, талғамы дұрыс адамдардың бір де бірін қуантпайды. Сол сияқты мінез-құлқы тұрлаусыздардың да іс-әрекетінен ауқымды оң нәтиже шықпайды. Демек, ондайларда ешқандай тұлғалық кейіп, қасиет болмайды.

Өмірдің жалпы өзгермелі сипаты және адам бөлмысынан байқалып қалатын дәйексіздік – бұл екеуі ажыратып қарайтын басқа-басқа дербес дүниелер.

Нәтижеге жету – аса көптарапты, көпфакторлы процесс. Оның белгілі бір мүмкіндігі қандай қоғамда да болады. Алайда, адамдардың басым көпшілігі оны жете пайдалана алмайды.

Неге?

Біріншіден, олардың нақты қайшылықтарды нақты тану әлеуеті әлсіз; екіншіден, олар сол әлжуаздықтың салдары-

нан мақсатсыздыққа, үмітсіздікке оп-оңай ұрынады. Сойтіп, бұлдырдан бұлыңғыр бірденелер етек алады. Ақыры адамның тұлғалық кейпі жоғалады...

Қай кезеңнің де тарихи үлкен нәубеті осында.

Үздік, шағын нәтижелерге жету өз алдына, ең қарапайым тіршілік мұқтаждарын өтейтін қажеттіліктерге қол жеткізудің өзі жеке адамдар үшін ұшы-қиырсыз проблема. Тіршіліктің күнделікті “арпалысы” мен тайталасы, сәтсіздігі мен тақсіреті сол “шағын проблемаларды” шешуден-ақ керемет корініс береді.

...Экзистенциализм идеясының бүгінгі қоғам қайшылықтары қоюланған сайын неғұрлым көп адамның пұшайман халін дөп бейнелеуі жайдан-жай емес. “Өмір сүру” идеясы әрбір жеке адам әрекетінің нәтиже-мәнімен тікелей өрімдес, сабақтас.

“Әр адам әрқалай өмір сүру жолын өзі таңдайды” деген, – меніңше, тәжірибесі жоқ жастарға тым асыра айтылатын қағида. Одан гөрі оларға: “...Міне, сенің таңдауыңа жол бермейтін кедергі, қиындық, қатерлер мынау-мынау” деп, санамалы уәж айтқан әлдеқайда пайдалы. Білетіні, тәжірибесі аздарды танымы мол, өмірдің негізгі ырқымен бет-бағдарын басынан өткерген білікті адамдар орамға алып, ақыл-кеңесті байланыста болғаны жөн.

Адам қандай да нәтижеге жету үшін “өз жолын” ешкіммен санаспай өзі ғана таңдауы мүмкін емес. Егер олай болса, қазіргі заманға дейін қалыптасқан қоғамдық “өмір сүру” үйлесімінен ештеңе де қалмайды. Сондықтан әркімнің “өз жолын” өзі ғана таңдайтындай мүмкіндікке жетуі... Ал оны басты қағида етіп алған теориялар түптің-түбінде ешқандай құнға тұратын гуманистік салт-дәстүр, адами ізгілік қалыптастыра алмайтынына соңғы ғасырдағы олигархиялық, техногендік үрдістанулар көз жеткізіп отыр. Жеке мүдде қаншалықты үстем болса, тұтас қоғам соншалықты алапес, қойыртпаққа, ізгіліксіз, шартты, сұрқай құбылысқа айнала бастамақ...

Тіпті мен кейінгі кезеңде аса әспеттеліп жүрген демократиялық-либералдық үрдіске қарсы бір “ұшқары” пікір айтайын: әр адамның жеке-жеке еркі мен мұқтажын қанағаттандыратын қоғамдық мүмкіндікке ұмтылудың бөлендей қажеттілігі шамалы. Одан түптің-түбінде ешқандай да оң нәтиже шықпайды.

Бізге, адамзат ұрпағына, жеке мен жалпы мүдделердің біртұтастығын сақтай алатын қоғамдық, саяси, мәдени құрылымдар ғана пайдалы әрі өміршең деп білуіміз керек.

...Неліктен барған сайын мораль әлсіз, заң реттеуші күшке айналып барады? Мұның жауабы тура жоғарыда айтылған қайшылықтың мәніне келіп тіреледі.

Жеке адамдардың ырқына көну былайғы көптің ұзақ мерзімді нәтижеге жету мүддесімен ешқашан сәйкес келмейді. Сондықтан адамдар арасындағы алшақтықты, “салқындықты” жат бітімділікті (отчужденность) жоюдың жолы бұл емес.

Демек, мүдделер біртұтастығының моралін қалыптастырып, нығайтатын құрылым қажет!!!

“Өмір сүру” идеясының оң нәтижесі сонда ғана ізгілікке, мейірбандылыққа, парасатқа бастайды. Ал жеке адамдардың мүддесіне бірыңғай “мүмкіндік” беруге тырысатын қазіргі Батыстық, американдық үлгідегі либералдық қоғам – бұл жалпы адамзаттық дәстүрлі құндылықтарға қарсы жұмыс істеп тұрған құрылым. Оның моральдық аспектілерін былай қойғанда, экономикалық, саяси тұрғыдан нені құндап отырғандығын алып көріңіз: жекешілдік, тойымсыздық, астамшылдық, тіпті “элита” топтар таратқысы келіп отырған “гегемондық эталондар” қай елдің көсегесін көгертіп отыр?..

Бұл елдердегі “өмір сүру” идеясының нәтижелері қандай? Адам табиғаты ізгіліктенді ме?!

Ағылшын-американ, Батыс елдеріндегі жеке адамдарға “жасалған мүмкіндіктердің” нәтижесіне назар салып көріңіз?.. Бір-бірлеріне шартты түрде ғана қатысы бар жөдігей, жат жаратылыс!..

Солардың “бақытты, үлгілі тұрмыс-салты” неліктен бүкіл әлемдік дамудың “сара жолына” айналуы керек?

Көзсіз және шексіз таңдау жасауға әр адам үшін “ерік беруді” ұрандатып отырған олардың түп пиғылы мен түпкілікті нәтижесіне назар аударып көріңіз – бәрі де жекешілдік мүдделеріне жету жолындағы алдамшы алдақатулар. Тіпті аса үлкен ауқымда әдейі істеліп отырған алжастырулар. Әйтпесе, адамаралық қарым-қатынастар неге нығаюдың орнына дүдемалдылыққа, күпірлікке, күдікшілдікке айналып барады. Неге адамның адамды қуаттап, құндауынан гөрі одан қауіп ойлап, секем алуы басым? Содан соң, олар неге шағын топшылдыққа, жікшілдікке кұмар? Әрине, өздерінің жеке-дарашылдығынан зақым көргендігінен, қанағат таппағандығынан, таппайтындығынан.

Бұдан түйер қорытынды: сенімі – әлсіз, неғайбыл, рухы – мәнсіз, дүбәра, үміті – жұтаң, қалтылдақ адамдар өмір